Негіздеме

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 32 бабының 12 тармағына сәйкес, көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер материалдық мәдени құндылықтар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 13 мамырдағы «Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру және күтіп ұстау қағидаларын бекіту туралы» № 129 бұйрығының 2 тармағының 2.1 және 5.1 тармақшасына сәйкес, Қор сатып алу комиссиясының оң шешімінің негізінде ұсынылған мәдени құндылықтар – зергерлік бұйымдар мен бесік.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мұрасының рухани да материалдық қазынасының қомақты бөлігі ұлттық қолөнер болып табылады. Халық қолөнерінің түп тамыры халықтың өмір сүру салтымен, шаруашылық дәстүрімен тығыз байланысты. Ғасырлар бойы уақыт елегінен өтіп ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ұлттық қолөнер бабалардан қалған мәдени мұрамыздың ең асыл құнды қазынасының бірі.

Қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнері халық өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланыста дамып келеді. Адам баласы ежелден әшекей бұйымдарды киімнің ажырамас бөлігі ретінде санаған. Кез келген қыз-келіншектің зергерлік бұйымдары, асыл тастары, онда бейнеленген ою-өрнек әсем келбетіне әдемі үн қосып, сымбатын одан әрі ажарландырып, тартымдылығын арттыра түседі.

Ұсынылып отырған өңіржиек, 2 қос білезік, білезік пен сақина.

Өңіржиек – кеуде әшекейі. Екі тіктөртбұрышты және бір бесбұрышты пластиналардан тұрады. Өңіржиек күміс металдан қалыптау тәсілімен жасалып, бетіне алтын жалатыған. Үстіңгі екі бірдей пластина бетіне шынылар қондырылып, астына қызыл түсті төсем салынған. Шыны беттері жалған түйіршіктермен ромбтәрізді безендірілген. Көздердің айнала геометриялық фигуралармен әшекейленген. Төменгі бесбұрышты пластинаға шыны қондырылып астына төсем салынып, геометриялық фигуралармен әшекейленген. Төменгі жағына 7 (жеті) «жылан бас» пішінді салпыншақ шынжырлар арқылы бекітілген. Әр медальон бір-бірімен шығыршықтар арқылы жалғанған. Мойынға ілетін шығыршығы бар.

2 қос білезіктер мен жалпақ білезік дәстүрлі жалпақ түрде жасалып, бетіне қошқар мүйіз оюы мен үшбұрыш, дөңгелек және ирек сызықтар сіркелеу және қалыптау техникасымен түскен. Тісті болып келген екі шеті қосылмаған. Беттері алтынмен жалатылып, ақық тастар мен шынылар қондырылған.

Сақина – сопақша пішінде жасалып, бетіне жалған сіркелеу әдісімен түйіршіктер түскен. Жиегіне айнала ою-өрнектер салынған. Ортасына шыны қондырылған.

Бесік – нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек. Көшпелі өмір кешкен қазақ халқы арасына ертеден тараған. Бесік ғасырлар бойы бұл көшпелі қазақтың өмірінің ажырамас бөлігі болып келді. Және бұл үшін нақты себептер болған. Мысалы, бір жерден екінші жерге көшіп жүргенде, бесікті түйемен немесе атпен алып жүру ыңғайлы болды және тиісінше баланы колда ұстап отырудың қажеттілігі болмады. Ал киіз үйде бесік биік аяғының арқасында, баланы сыз бен желден қорғады. Ал бесікке қойылатын бірегей бөлігі – түбек баланың ұйықтап жатқанда да астының құрғақ болып тұруына мүмкіндік берді.

Бесікті көбіне қарағайдан, қайыңнан немесе басқа да иілгіш ағаш түрлерінен жасайды. Осының арқасында бесік мықты, экологиялық түрде таза және жеңіл болды.

Ұсынылып отырған бесік – тал ағашын иіп жасаған. Бесік бөгеннен – алдыңғы және арткы басы, арқалықтан – бесіктің ең үстіңгі, көлденең, жұмыр ағашы, жақтау, жорға – бесіктің табаны, шабақ – екі бөгеннің аяқтарын қосып тұратын тақтайша, сабау – екі бөгенді қосып тұратын ағаш, тақтай – түбек орналасатын, төсек салынатын ортасындағы бөлігінен тұрады. Алматы облысы, Ұзынағаш ауылы тұрғынынан қалған.

Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениеті, этнографиясы мен тарихына қатысты ұсынылып отырған музейлік мәні бар заттардың тарихи, музейлік құндылығы жоғары.

Бас қор сақтаушы **Р.Тұрсымбекова**